

Әулікөл ауданы әкімінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 3 "Әулікөл ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 қыркүйекте № 10265-10 болып тіркелді

ШЕШТІМ:

1. Әулікөл ауданы әкімінің "Әулікөл ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2021 жылғы 13 мамырдағы № 3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9914 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында № 247, № 253, № 259, № 260, № 262, № 274, № 279, № 280, № 284 сайлау учаскелері жаңа редакцияда жазылсын:

"№ 247 сайлау учаскесі

Москалевка және Жалтыркөл ауылдарының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Москалевка ауылы, Апрельский көшесі, 22 Б үй, "Әулікөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Москалевка ауылындағы ауылдық мәдениет үйінің ғимараты";

"№ 253 сайлау учаскесі

Новоселов және Кургуус ауылдарының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Новоселов ауылы, Баймағамбетов көшесі, 15-ғимарат, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Әулікөл ауданы білім бөлімінің Новоселовка жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты";

"№ 259 сайлау учаскесі

Озерный ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Озерный ауылы, № 1 көше, дүкен ғимараты";

"№ 260 сайлау учаскесі

Жосалы ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Жосалы ауылы, № 1 көше, 31-ғимарат, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Әулікөл ауданы білім бөлімінің Лаврентьев негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты";

"№ 262 сайлау учаскесі

Юльев және Шилі ауылдарының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Юльев ауылы, Ленин көшесі, 23 Б ғимараты, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Әуликөл ауданы білім бөлімінің Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Сұлукөл жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты";

"№ 274 сайлау учаскесі

Әуликөл ауылының шекараларында: "Бірлік" шағын ауданы, Алтынсарин, Уәлиханов, Гагарин, Западный, Байқұлақ батырдың атындағы, Сұлтан Еркімбаев атындағы, Космонавтар, Қуаныш Шамшиев, Мамедов, Омаров, Пушкин, Южный, Байтұрсынов 1-56, 1 Май 1-36 көшелері.

Учаскенің орналасқан жері: Әуликөл ауылы, Байтұрсынов көшесі, 1 Б үй, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Әуликөл ауданы білім бөлімінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әуликөл жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты";

"№ 279 сайлау учаскесі

Аманқарағай ауылының шекараларында: Абай, Вокзальный, Волков, Гвардейская, Герцен, Горький, Жамбыл, Держинский, Железнодорожный, Комсомольский, Королев, Кутузов, Мир, Нефтяников, Пацаев, Суворов, Таран, Титов, Чкалов, Шевченко көшелері.

Учаскенің орналасқан жері: Аманқарағай ауылы, Комсомольский көшесі, 3-үй, "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық мәдениет үйі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Аманқарағай ауылындағы ауылдық мәдениет үйінің ғимараты";

"№ 280 сайлау учаскесі

Лесное ауылының шекараларында.

Учаскенің орналасқан жері: Лесное ауылы, № 1 көше, 30-үй, "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық мәдениет үйі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Лесное ауылындағы ауылдық мәдениет үйінің ғимараты";

"№ 284 сайлау учаскесі

Құсмұрын кентінің шекараларында: Буденный, Уалиханов, Гоголь, Дорожников, Закарьерный, Караганский, Омаров, Панфилов, Пушкин, Разведчиктер, Сенный, Советский, Спортивный, Строительный, Чкалов, Щорс, Южный көшелері, Калинин көшесінің тақ жағы 31-37.

Учаскенің орналасқан жері: Құсмұрын кенті, Ленин көшесі, 59-үй, "Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Құсмұрын кентіндегі ауылдық мәдениет үйінің ғимараты.

2. "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ж. Таукенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Әуликөл аудандық (аумақтық)
сайлау комиссиясы